

Қазақстан республикасында фармацевтика саласында ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру ерекшеліктері

Тінасілов Мұқтар Дөңбайұлы,
Мұқтар Аружан Мұхитқызы

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойған еліміздің одан әрі дамуы және 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ) елдері мен Қазақстанның дамуы арасындағы алшақтықтарды жою қажет.

Осыған орай, мемлекет ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға, денсаулық сақтау жүйесін басқару және қаржыландыру жүйесінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған ЭЫДҰ елдерінің стандарттарын кезең-кезеңімен енгізуді қамтамасыз етуге тиіс.

Медициналық көмектің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін, денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, отандық фармацевтикалық өндірісті дамыту мақсатында Ұлттық дәрі-дәрмек саясаты (бұдан әрі - ҰДС) іске асырылады.

ҰДС-тың негізін құрайтын - Фармацевтика саласының дамыту, яғни дәрілік заттардың қолжетімділігі, сапасы, тиімділігі мен қауіпсіздігі қағидаттарына сәйкес интеграциялық процестер жағдайындағы денсаулық сақтау жүйесінің, қазақстандық қоғамның, фармацевтика нарықтарының заманауи талаптарын ескере отырып, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің пациентке бағдарланған моделін құруға бағытталатын дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника инновациясы негізінде ұйымдастырылады.

Дәрі-дәрмек саясатын іске асырудың мақсаты, алдымен дәріханаларда дәрілік препараттарға сұранысты зерттеу және қажеттілікті анықтаудың негізгі принциптерін анықтау керек.

Мемлекетіміздің елді мекендердегі тұрғындарға және емдеу-профилактикалық мекемелерде емделетін стационарлық сырқаттарды кепілді көлемде медициналық және фармацевтикалық көмектермен сапалы түрде қамтамасыз ету үшін фармацевтикалық көтерме сауда және бөлшек сауда звеналарын дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, басқа да фармацевтикалық тауарлармен тиімді түрде қамтуды ұйымдастыру керек.

Фармацевтикалық көтерме сауда және бөлшек сауда жүйелерін дәрі-дәрмектермен қамту келесі өндірістік операцияларды қамтулары тиіс:

- дәрілік заттардың қажетті мөлшерін анықтау;
- дәрілік заттардың өндіруші кәсіпорындармен шартқа отыру;
- дәрі-дәрмектердің қажеттілігіне қарай сұрау-талап қағаздарының уақытылы толтырылып жіберілуі;
- дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, басқа да фармацевтикалық тауарлардың қозғалысы

құжаттарның дұрыс және бекітілген талаптарға сәйкес безгедірілуі т.б.

Дәрі-дәрмектердің қажеттілігі және қажетті мөлшерін анықтау, дәрілік заттарға, басқа да фармацевтикалық тауарларға сұраныстың және ұсыныстың өзгеру заңдылығына байланысты. Дәрі-дәрмектердің сұранысы мен ұсынысының өзгеруіне дәрілік заттардың қолдануына әсер ететін факторлар ықпал етеді. Аталған факторлардың негізгілеріне келесілер жатады:

- тұрғындардың әлеуметтік жағдайы мен демографиялық санының өсуі;
- дәріханалық және медициналық ұйымдар жүйесі мен медициналық және фармацевтикалық мамандар санының өсуі;
- халықтың мәдени деңгейінің өсуі, дамуы;
- медициналық және фармацевтикалық ғылымдардың дамуы;

- тұрғындар арасында аура түрлерінің өсуі т.б.

Дәрі-дәрмектерге деген сұранысты маркетингтік зерттеу, талдау кезінде сұраныстың қанағаттандырылған, қанағаттандырылмаған және қалыптасып келе жатқан түрлері қарастырылады. Дәрілік заттарға деген қалыптасқан сұраныс фармацевтикалық көтерме сауда және бөлшек сауда жүйелерінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, басқа да фармацевтикалық тауарлардың жеткіліктілігін көрсетеді. Қанағаттандырылмаған сұраныс фармацевтикалық сату, өткізу жүйесінде дәрілік заттар ассортименттерінің толық еместігін немесе жеткіліксіздігін көрсетеді. Қалыптасып келе жатқан сұраныс негізінен жаңа шығарылған отандық және шетелдік дәрілік заттарға, басқа да фармацевтикалық тауарларға қалыптасады.

Дәрі-дәрмектердің қасиетті мөлшерін анықтауда медициналық тәжірибедегі қолданыстағы барлық дәрілік заттарды негізгі үш топқа бөліп қарастырылады:

- ерекше әсері бар дәрілік заттар;
- қолданылуы бақылауға алынатын дәрілік заттар;
- кең түрде қолданылатын дәрілік заттар.

Ерекше әсері бар дәрілік заттарға белгілі ауру түрін емдеуде қолданылатын дәрілік заттар жатқызылады, туберкулез, қант диабеті, қатерлі ісік аурулары т.б. Әр ауру түрін емдеуде қолданылатын дәрі-дәрмектердің қажетті мөлшерін анықтаудың өзіне тән ерекшеліктері болады. Көрсетілген дәрі-дәрмектер тобының қажетті мөлшерін анықтау үшін, ауру түрімен ауыратын тұрғындардың санын, әр ауруға жылына жүргізілетін емдеу курсының санын және бір емдеу курсы жүргізуге қолданылатын дәрілік заттар санын білу керек. Аталған көрсеткіштер есептеудің шығарылғаннан кейін, ерекше әсері бар дәрілік заттардың жылдық қажеттілігі келесі формула бойынша есептеледі:

$$ДЗҚ = Ш \times ЕК \times АС,$$

ДЗҚ - ерекше әсері бар дәрілік заттардың бір жылға қажетті мөлшері;

ДШ - бір аурудың емдеу курсына жұмсалатын дәрілік заттардың шығыны;

ЕК - аурулардың бір жылда қабылдайтын емдеу курстарының саны;

АС - ерекше әсері бар дәрілік заттарды пайдаланатын аурулардың саны.

Аурулардың жылда қабылдайтын емдеу курстарының саны, бір аурудың емдеу курсына жұмсалатын дәрілік заттардың шығыны және ерекше әсері бар дәрілерді пайдаланатын аурулардың саны жергілікті емдеу-профилактикалық ұйымдардың, денсаулық сақтауды басқару органдарының статистикалық-есепке алу бөлімдері арқылы анықталады.

Қолданылуы бақылауға алынатын дәрілік заттардың қажетті мөлшерін анықтау, атап айтқанда амбулаториялық және стационарлық науқастар үшін наркотикалық заттардың және этил спиртінің қажеттіліктері ҚР ДСМ арнайы бұйрықтарымен бекітілген есептік нормативтері негізінде жүргізіледі.

Амбулаториялық және стационарлық науқастар үшін наркотикалық дәрілік заттардың қажеттілігінің есептік нормативтері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығына сәйкес анықталған.

Амбулаториялық және стационарлық жағдайда емделетін науқастар үшін наркотикалық дәрілік заттар қажеттілігінің есептік нормативтері төмендегі таблицада көрсетілген:

1-кесте. Жылына 1000 адамға шаққандағы халықтың есірткі дәрілік заттарға (граммен) қажеттілігінің есептік нормативтері

№	Дәрілік заттардың атаулары	1000 адамға шаққандағы норматив
1	Морфин гидрохлориді	0,3
2	Промедол (тримепиридин)	5,0
3	Оmnopон	0,3
4	Кокаин	0,02
5	Дионин (этилморфин)	0,1
6	Эстоцин гидрохлориді	0,3
7	Кодеин	70,3
8	Апиын	833,3
9	Фентанил	0,006

Ескерту: Нормативтер барлық дәрілік түрлерді таза әсер етуші заттарға ауыстырып есептеу жолымен белгіленген, сондықтан тапсырыстарды норматив бойынша есептік қажеттіліктермен салыстырғанда құрамында көрсетілген заттар бар барлық дәрілік заттарды таза әсер етуші заттарға ауыстырып есептеу жасау керек.

Мысалы, наркотикалық дәрілік заттардың дәріханаларға қажетті мөлшері төмендегі формула бойынша есептелінеді:

$$D_m = D_n \times T_c / 1000$$

D_m - дәрілердің мөлшері;

D_n - дәрінің 1000 адамға есептелінген нормасы;

T_c - тұрғындар саны.

Стационарлық жағдайда емделіп жатқан науқастар

үшін наркотикалық дәрілік заттардың қажеттіліктері емдеу-профилактикалық ұйымдардың емдеу бағыттары мен ем жүргізуші бөлімдері бойынша бір ауру төсегіне есептелініп анықталған есептік нормативтері арқылы жүргізіледі.

Наркотикалық дәрілік заттардың жылына бір ауру төсегіне керекті есептік нормативтері емдеу-профилактикалық ұйымдардың бөлімдері бойынша жоғарыда аталып көрсетілген № 234 бұйрықтың 2 таблицасында көрсетілген.

Этил спиртінің шығындалу нормативтер мен есепке алу тәртібі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі №224 бұйрығымен бекітілген.

Этил спиртінің шығындалуының есептік нормативтері емдеу-профилактикалық ұйымдарында бір стационарлық науқасқа есептелінген (95%) нормалары бойынша анықталады. Амбулаториялық-емханалық ұйымдарда этил спиртінің қажеттілігі 1000 келушіге есептелінген нормалар бойынша жүргізіледі. Мысалы, туберкулезге қарсы емдеу диспансерінде 1000 келушіге 800 г., тері-венерологиялық емханада 1000 келушіге 1000 г., онкологиялық емханада 1000 келушіге 1300 г., эндокринологиялық емханада 1000 келушіге 900 г., кардиологиялық емханада 1000 келушіге 800 г., наркологиялық емханада 1000 келушіге 800 г., аллергологиялық емханалық ұйымдарда 1000 келушіге 1100 г., акушерлік-гинекологиялық емханалық ұйымдарда 1000 келушіге 800 г. т.б.

Таза күйіндегі этил спирті концентрациясының ауытқуын (96°-тан 97°) есепке алмастан босатады.

Камфорлы спирт түрінен басқа бор, салицил, құмырсқа спиртітері жеке және басқа дәрілік заттар құрамында емдеу-профилактикалық ұйымдарға босатылуы, таза этил спирті нормативті есебінен жүргізіледі.

Дәріханаларда этил спиртінің қажетті мөлшерін анықтауда дәріхананың жұмыс көлеміндегі өзгерістер ескеріліп, рецептура санына байланысты анықталады.

Кең түрде қолданылатын дәрілік заттарға антибиотиктер, сульфаниламидті препараттар, витаминдер, гормонды препараттар, қызуды төмендететін дәрілер т. б. жатады.

Аталған дәрілік заттар тобының қажетті мөлшерін анықтау, олардың нақтылай пайдаланылған мөлшеріне талдау жүргізудің негізінде жүргізіледі. Кең түрде қолданылатын дәрілік заттардың нақтылай пайдаланылуына талдау жасау жұмысы екі сатыдан тұрады:

1) дәрілік заттардың қолданылу көрсеткіштерін жинау және талдау;

2) талдаудың негізінде дәрілік заттардың қажетті мөлшерін есептеу.

Дәрілік заттардың қажетті мөлшерін анықтау күрделі де, қиын жұмыс.

Дәрілер топтарының қажетті мөлшерін анықтау барысында түрлі әдістемелік нұсқаулар, нормалар және компьютерлік техникалар кеңінен қолданылады.

Сол себепті, Қазақстан Республикасында азаматтарды тиімді және қауіпсіз және сапалы дәрідермен қамтамасыз ету үшін, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінің медициналық және фармацевтикалық қызметтерді бақылау Комитетіне, және Дәрілік заттарды, медицина бұйымдарын және медициналық техникаларды сараптаудың Ұлттық орталығына жүктеледі.

Дәрілік заттардың және басқа да фармацевтикалық тауарлардың сапасын бақылау жүйесі – дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, медициналық техникалардың, биологиялық белсенді қоспалардың,

емдік профилактикалық заттардың, косметикалық және стоматологиялық тауарлардың сапасыфн қамтамасыз ету шараларының кешенін құрайды.

Қорыта айтқанда денсаулық сақтау жүйесіндегі фармацевтикалық саласынҰДС-ны іске асыру мынадай маңызды міндеттер жүктеледі:

дәрілік заттардың қолжетімділігін қамтамасыз етуді;
дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

дәрілік заттардың ұтымды қолданылуын қамтамасыз етуді іске асыруға арналған іс-шаралар кешенін әзірлеуді, орындауды және тиімділігін мониторингтеуді көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы
2. № 957 Жарлығы.
3. *Организационные вопросы осуществления фармацевтической деятельности в объектах розничной реализации лекарственных средств: методические рек. / сост. А.Д. Ахимова [и др.]. – Шымкент, 2009.*
4. *Умурзахова Г.Ж. Правила обслуживания потребителей фармацевтических услуг и критерии их оценки. Планирование дополнительной сезонной потребности в фармацевтических кадрах методические рекомендации. – Шымкент: Б. и., 2011.*
5. *Балашов А.И. Формирование механизма устойчивого развития фармацевтической отрасли: теория и методология. СПб., 2012.*
6. *Тінасілов М.Д. «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері» пәнінің жұмыс бағдарламасы. ҚРМУ. Алматы 2017.*
7. *Тинасилов М.Д., Уркумбаева А.Р. Инновационная деятельность и оценка медицинскоц технологии Казахстана. Научный и информационный журнал «Наука и инновационные технологии» при МОН КР. Типография «Maxprint» г.Бишкек 2017. С.28-32*